

Кімге: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне

Кімнен: Гилимов Абай Талғатұлы - Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының, Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімінің бас маманы.

Күні: 11.10.2024

Аналитикалық талдау

Тақырыбы: Атырау облысы бойынша кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау туралы

Аталған мақсат бойынша Атырау облысы бойынша кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау мәселелер баяндалады. Шешу жолдары және тиісті комиссия құру туралы ұсынылады.

Кіріспе

Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

Негізгі бөлім

Облыста кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі **11** комиссия (бұдан әрі Комиссия) жұмыс жасайды (облыс әкімдігінде 1, Атырау қаласында 1, Қызылқоға ауданында 3, өзге қала, аудандарда әрқайсысында 1 комиссиядан).

Комиссия өз құзыреті шегінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Комиссия өз жұмысында «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусым №789 қаулысын басшылыққа алады.

Комиссия хатшысы қызметін «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі

ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 18 сәуірдегі №122 қаулысына сәйкес әкімдіктердің аппараттарында жұмыс жасайтын мамандар атқарады.

Білім беру басқармасы облыстық комиссиясының жұмысшы органы болып табылады. Комиссия отырысы 2 айда бір рет өткізіледі, құрамы мен ережесі жергілікті әкімдіктердің қаулысымен бекітіледі.


Комиссиялардың құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алуға мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері енгізіледі.

Жыл сайын комиссияның жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, кей жағдайда кезектен тыс отырыстар өткізіледі.

Комиссия жұмысында кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімдерінің орындалуы назарға алынады.


Комиссия мүшелері өмірдің қиын жағдайындағы, қолайсыз отбасыларының үйіне бару арқылы әлеуметтік-тұрмыс жағдайын мұқият зерделеп, қажеттілігіне қарай әлеуметтік көмектер ұйымдастыруды (денсаулық, білім, әлеуметтік көмектер, т.б.) тұрақты жүзеге асырады.

Комиссия құрамы



Облыстағы 11 комиссияда 109 комиссия мүшесі бар. Олардың 30-ы үкіметтік емес ұйымдардан, 2-уі адам құқықтары жөніндегі уәкіл, 77-сі мемлекеттік қызметкерлер.

Комиссия отырысы



Соңғы 4 жылда комиссияның 747 (облыстық 22, қалалық 72, аудандық 653) отырысы өтті.

Комиссия отырыстарында мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау

және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары бойынша мәселелер тыңдалады.

Облыста **11** комиссияның **109** мүшесі бар. Олардың **30-ы** (27%) үкіметтік емес ұйымдардан, **2-уі** адам құқықтары жөніндегі уәкіл, **77-сі** (71%) мемлекеттік қызметкерлер. Комиссия құрамы дұрыс құрылған, жыл сайын прокуратура тарапынан тексеру өтеді.

Соңғы **4** жылда комиссияның **747** (облыстық 22, қалалық 72, аудандық 653) отырысы өтті.



Комиссия отырыстарында **1624** мәселе қарастырылды. Оның ішінде, құқық бұзушылық **117**, оқудан жалтару **40**, дене және психикалық зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, жыныстық және өзге де қанауға ұшырау **44**, арнайы білім беру ұйымдарына жіберу **8**, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру **89**, тәрбиеден жалтарған ата-аналар **195**, кәмелетке толмағандардың жұмысқа орналастыру **8**, ата-аналарды (заңды өкілдерді) жұмысқа орналастыру **14**, колониялар мен арнаулы білім беру ұйымдарынан босатылғандарды орналастыру **1**, мемлекеттік көмек **8**, кәмелетке толмағандардың жүктілігі **55**, суицид **52**, ҚР Үкіметі жанындағы ВАК шешімдерін орындау **3** мәселе қарастырылды. Басқада мәселелер саны **988** ді құрады.

Қала, аудандар бөлінісінде қарасақ құқық бұзушылық көп жағдайда Атырау қаласында орын алған. Алайда қалалық комиссияда жыл ішінде құқық бұзушылық бойынша **4** мәселе ғана қойылған.

Қызылқоғада 1, Мұқырда 2, Сағызда 2, Мақатта 1, Махамбетте 1 мәселе жоспарланған.


Құқық бұзушылық көп жағдайда сабақтан тыс уақытта жасалады. Демек тәрбиеден жалтаратын ата-аналардың мәселесін қарау күн тәртібінен түспеуі тиіс. Бұл бағытта Атырау қаласында 53, Қызылқоғада 3, Мақатта 2, қалған өңірлерде 1 мәселеден ғана қойылған. **Мұқырда** мүлдем жоспарланбаған.

Оқудан жалтарғандарға қатысты Атырау қаласында 8, Жылыойда 3, Сағызда 3, қалған өңірлерде 1 мәселе ғана қойылған.

Жасөспірімдердің дене және психикалық зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, жыныстық және өзге де қанауға ұшырауы бойынша Атырау қаласында мүлдем жоспарланбаған, Исатайда 2, өзге өңірлерде 1 мәселеден ғана жоспарланған.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселелерінің саны 2020 ж. - 25, 2021 ж. - 14, 2022 ж. - 25, 2023 ж. – 53 мәселе қаралып, 2020 жылмен салыстырғанда +28-ге артқан.

Бала тәрбиесінен жалтарған ата-аналарға қатысты 2020 ж. - 10, 2021 ж.- 46, 2022 ж. - 75, 2023 ж. – 64 мәселе қаралып 2020 жылмен салыстырғанда +54-ке артқан.



Жоғарыда айтылған көрсеткіштер комиссиялардың күн тәртібіне қойылатын мәселелердің маңыздылығына орай жоспарлануы қажеттігін талап етеді.

Соңғы 4 жылдың ішінде сотқа жолданған **12** іс болса, оның **8-і** шешімін тапты, **4-уі** қанағаттандырылмады. Қанағаттандырылмау себебі комиссиялар тарапынан ұсынылған материалдардың толық болмауы. Осыған орай комиссия тарапынан алдын алу шараларын ұйымдастыру, кеңес беру, сотқа қажетті материалдардың толық ұсынылуына назар аударылуы керек.

Білім беру басқармасына қарасты «Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінде» болған резонанстық жағдай белгілі.

Басқармадан комиссия құрылып, құрамына Басқарманың, білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің, қорғаншылық және қамқоршылық органының мамандары, педагог-психологтар, үкіметтік емес ұйым өкілдері тартылған.

Қазіргі уақытта мекемедегі **49** бала **8** отбасында жеке үйлерде тәрбиеленуде. Тәрбиеленушілерді орта біліммен қамтамасыз ету, кәсіби бағдарлау, кәмелеттік жасқа толған соң міндетті жұмыспен қамту, 6 ай сайын алимент өндіру бойынша атқару парақтарын сот орындаушыларға жолдау, тұрғын үй кезегіне қою, тамақ қорының жағдайы, әдістемелік көмек көрсету мәселелері Басқарманың тұрақты бақылауында.

2024 жылдың өзінде Жылыой ауданында кәмелеттік жасқа толмағандар арасында орын алған **1** суицид, **2** құқық бұзушылық (оның 1-і адам өлімімен аяқталған) барша жұртшылықтың назарында. Алдын алу мақсатында полиция департаменті қызметкерлерімен, білім беру ұйымдары мамандарымен шаралар ұйымдастырылған. Алайда сабақтан тыс уақытта балаларды ата-аналардың тарапынан қадағалауының жоқтығынан осындай жағдай орын алып отыр.

Колледж студенттері тарапынан бірнеше құқық бұзушылық жағдайлары орын алып, қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жүруде. Орын бұл жағдайлар тағы да ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапсыз қарайтындығын көрсетеді.

Биылғы жылы комиссия құқық бұзушылықтың алдын алуда барлық мүдделі органдармен біріккен профилактикалық рейдтер санын көбейтіп, ойын-сауық орындары, қолайсыз отбасылардың тұрмыстық жағдайын тексеруді күшейтеді.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сәйкес облыста мақсатты индикаторларға жету үшін бірқатар жұмыстарды жүргізу қажет.

Ұсыныстар

1. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру;
2. Атырау облысында балалардың құқықтарын қорғау саласында Жергілікті полиция басқармасымен бірлескен жұмысты күшейту;
3. Жергілікті жерде өгей әкесімен, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасымен үздіксіз байланыс жүргізу;
4. Психологтардың біліктілігін арттыру;
5. Отбасы институты, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру.

SWOT талдау

1. Мықты жақтары

- Ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарып, олардың құқықтарын теріс пайдалануына байланысты ата-аналық құқықтарынан шектеу;
- Балаларды қамқоршылық тәрбиеге беру;
- Орта білім алу кепілдігін қалпына келтіру;
- Балаға қатысты мәселелерді жан-жақты қарау;
- Қиын отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету;

2. Әлсіз жақтары

- Ата-аналардың немесе оларды алмастырушылар тарапынан балаларға қажетті бақылаудың жоқтығы, қараусыз қалдыру;

3. Мүмкіндіктер

- Суицидке ұмтылған балаларды өмірге қайта бейімдеу;
- Құқықбұзушылықтың алдын-алу, жолын кесу;
- Балаға қатысты, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын-алуға бағытталған сенім телефондары;

4. Қауіп-қатерлер

- Кәмелетке толмағандардың өз-өзіне қол жұмсауының өсуі;
- Отбасындағы жанжал, зорлық-зомбылықтың балаға әсері;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы// «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің 94 ақпараттық-құқықтық жүйесі.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
3. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

